

Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № 11-2/1 Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының б) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламентіне "Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы" Жолдауын ұсынады.

1. Конституциялық дамудың негізгі қорытындылары

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясына жиырма жыл толады.

Республика Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев әзірлеген және 1995 жылғы тамызда республикалық референдумда халық қабылдаған Конституция Қазақстан Республикасын оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде өрлеу дәуірінің, нығайтудың, жан-жақты және кезең-кезеңмен орнықтырудың символы болды.

Негізгі Заң халықтың мүддесі мен еркін іске асыра отырып, қазақстандықтарды топтастырудың қуатты бастауы болды, еліміздің: егеменді қазақстандық мемлекеттіліктің негіздерін, кейін – қалыптасқан мемлекетті құру, тұтастай алғанда – азаматтық консенсус, саяси тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық бейбіт келісім жағдайында көпвекторлы тарихи трансформациялану кезеңдерінен өтуін қамтамасыз етті.

Қазақстан Елбасының басшылығымен, бүкіл қазақстандықтардың қызу еңбегінің арқасында көшпелі кезең дағдарысының қатал сынағына төзіп, тұрақты ұлттық экономикасы және мемлекеттік-жеке серіктестігі, тиімді әлеуметтік саясаты және қазіргі заманғы азаматтық қоғамы бар күшті де табысты мемлекетке айналды – ол өңірлік көшбасшы және халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі.

Әлемге танылған сарапшылар мен саясаткерлер, беделді халықаралық рейтингтік агенттіктер экономиканың табысты нарықтық дамуын, демократиялық тұрақты

процесін, әлеуметтік, этностық және діни топтардың берік келісімі, еліміздің халықаралық еңбек бөлінісіндегі және қазіргі заманғы жаһандық проблемаларды шешудегі елеулі рөлін таныды.

Конституциялық құндылықтар, Ата Заңымыздың идеялары мен ережелері Республика Президентінің саяси-құқықтық шешімдерінде – мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, бірінші кезекте, "Қазақстан-2030" стратегиясында және оны іске асыру мақсатында қабылданған "Қазақстан-2050" стратегиясында, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасында (1996 жыл), Ел бірлігі доктринасында (2010 жыл) және басқа да бірқатар тұжырымдамаларда және мемлекеттік бағдарламаларда кешенді түрде іске асырылады. Республика Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған "Мәңгілік Ел" Ұлттық патриоттық идеясы Конституцияның Кіріспесінде және "Жалпы ережелер" деп аталатын I Бөлімінде бекітілген құндылықтар мен идеяларды байытып, дамыта түсетін тағдыршешті идея болып табылады. Мемлекеттік биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары органдарының актілері қабылдануда, оларды іске асыру қоғамның және конституциялық және конституциялық заңдылық режимінің ұйымдастырушылық-құқықтық, экономикалық, идеологиялық, қаржылық, материалдық және басқа да компоненттерін нығайту бойынша бүкіл мемлекеттік аппараттың күштерін жұмылдыруға ықпал етеді.

Қолданыстағы құқық жүйесін құру, қоғамның жалпы қабылданған өркениетті құндылықтары мен ұлттық-мәдени ерекшеліктері базасында қазақстандық құқықтық мемлекетті орнықтыру жөніндегі жалғасымды конституциялық саясат пен Республиканың ғылыми мұқият тексерілген қызметінің принципті бастауы Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасына енгізіліп қойған болатын (Республика Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы № 1596 қаулысы). Кейіннен 2010 жылға дейінгі мерзімде қолданылатын Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды (Республика Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығы). Оны іске асыру бойынша Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді және қазіргі таңда орындалып келеді (Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы). Нәтижесінде әлемнің неғұрлым дамыған отыз еліне Қазақстанның кіруін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті құқық құрылды.

Сындарлы нәтижелер негізінде Республика Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы "Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы шықты.

Қоғамдық қайта құрулардың және еліміздің тұрақты дамуының маңызды құралы бола отырып, Конституция қоғамның даму деңгейі мен қажеттілігіне сәйкес

жаңғыртылады. Еліміздің басты құжатына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы № 284-I, 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III және 2011 жылғы 2 ақпандағы № 403-IV заңдарымен енгізілді. Сол арқылы, Негізгі Заңның тұрақтылығы мен серпінділігі арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізіледі, оның жасампаз мүмкіндігі барынша ашылады, азаматтар мен мемлекеттік органдарда оның қажеттілігі арта түседі.

Анық, мұқият тексерілген конституциялық-құқықтық саясат және құндылықтарға бағытталған конституциялық-құқықтық практика бір-бірін өзара толықтырады, Негізгі Заңның өзіне тән функцияларын тиімді іске асыруына ықпал етеді, оның ережелері мен нормаларының сапалы орындалуы мен қолданылуын, азаматтардың және мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасы деңгейін арттыруға жұмыс жасайды.

Қол жеткен жетістіктеріміздің бастауы Халық пен тікелей ашық бәсекелі әділ сайлаулар мен референдумдарда бүкіл халық болып толық сенім білдірілген Елбасының тығыз байланысында жатыр.

2. Конституциялық Кеңес және конституционализмды орнықтыру

Конституцияны ұғыну мен түсіндірудегі, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және халықаралық қатынастар саласында оның үстемдігі мен рөл Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне беріледі. Негізгі Заңмен белгіленген миссияларды және функцияларды орындай отырып, Конституциялық Кеңес Қазақстан өмірінің барлық жақтарын Конституция талаптарына сәйкестендіру процесіне белсене қатысады, заңнамаларда қазіргі заманғы жүйелі бастауларды орнатуға ықпал етеді, мемлекеттік құрылыс пен құқықтық жүйеде жалпы қабылданған және ұлттық құндылықтарды іске асырады, адам, қоғам және мемлекет арасында өркениетті өзара қатынастар дамытуды ынталандырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының жиырма жыл тиімді жұмыс істеуі конституциялық бақылау институтының таңдап алынған үлгісінің дұрыстығын растады.

Сонымен бірге қоғамның және мемлекеттің құрылымдық өзгерістерінің маңызды реттеушісі ретінде Конституцияның рөлін күшейте отырып, конституциялық бақылауды жүзеге асыру бойынша қызметтің мәні объективті түрде өсе түсті. Конституциялық Кеңестің құзыреті кеңейтілді ("Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Заңы), заңдарға (Конституциялық Кеңес туралы Конституциялық заң, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстер, Азаматтық іс жүргізу кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс), сондай-ақ заңнамаға және заң жобалау жұмыстарына мониторинг жүргізу рәсімдерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларын және Негізгі Заңның 78-бабын іске

асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы ережелер мен кепілдіктер аталған кодекстердің жаңа редакцияларында да көзделген. Қабылданған ұйымдастырушылық шараларымен қоса ол адамның конституциялық құқықтарының қорғалуы және Конституциялық Кеңестің шешімдері мен ұсынымдарының орындалуы дәрежесін арттыруға ықпал етеді.

1996 жылғы ақпаннан бастап Конституциялық Кеңеске 190-нан астам өтініш келіп түсті: Мемлекет басшысынан — 21 өтініш, Парламент Палаталарының төрағаларынан және олардың депутаттарынан — 77, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінен — 27, соттардан — 66 өтініш. Конституциялық Кеңес 140-тан астам нормативтік қаулы қабылдады, олардың ішінде 6 — өзінің қаулыларын қосымша түсіндіру туралы. Негізгі Заңға конституциялық новеллалар енгізілуіне байланысты (1998 және 2007 жылдар) Конституциялық Кеңес өзінің кейбір актілерін қайта қарау туралы (2004, 2007, 2008, 2011 жылдары) шешім қабылдады.

Конституциялық Кеңеске келіп түскен барлық өтініштің ішінде 27-нің нысаны Парламент қабылдаған және Мемлекет басшысының қол қоюына ұсынылған заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеру болды. 15 өтініш бойынша жалпы алғанда 17 заң Конституцияға сәйкес емес деп танылды.

Қабылдануы жоғары қоғамдық дүрбелең туғызған бірқатар заңдар Конституцияға сәйкес деп танылды. Солардың ішінде: Жер кодексі, оған сәйкес жерлердің кейбір санаттарына, соның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік енгізілді (2003 жыл); жаңа зейнетақы жүйесіне көшуді қамтамасыз еткен, зейнетақымен қамтамасыз етуге заңнамалық кепілдіктердің басқа да жаңалықтарын бекіткен "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (1996 жыл); "Саяси партиялар туралы" қолданыстағы Заң (2002 жыл).

Негізгі Заңның үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды құралы Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру. Конституциялық Кеңестің қызметі жылдарында Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру туралы 100-ден астам өтініш қаралып, олар бойынша 80-нен астам нормативтік қаулы қабылданды. Негізгі конституциялық институттарды және олардың даму болашағын түсінуге заңды көзқарас белгілейтін, мемлекеттің, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтардың өзара қарым-қатынасының қағидаттарын айқындайтын, адамның және азаматтың құқықтарын қамтамасыз етудің механизмдерін нығайтатын, сондай-ақ еліміздің одан әрі конституциялық дамуына қатысты басқа да бірқатар мәселелерге түсіндірмелер берілді.

Конституциялық Кеңестің Республика соттарының ұсыныстарын қарауы конституциялық заңды нығайтуда елеулі болып табылады. Келіп түскен 66 ұсыныстың 28-і қорытынды шешім қабылдай отырып, мән-жайы бойынша қаралды.

Өткен жылдары Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық

Кеңестің 18 жолдауы жария етілді. Оларда адамның құқықтарын қорғау, заң шығармашылығы қызметін жетілдіру, заңнамаларды Конституцияға сәйкес келтіру туралы, сот құрылысы және сот ісін жүргізу, жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалар және конституциялық реттеудің басқа да салалары туралы мәселелер көтерілді.

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Конституциялық заңның 19-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес Мемлекет басшысының талабы бойынша 2006 жылы Елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат, 2008 жылы – Тіл туралы конституциялық ережелерді іске асыру саласында Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат табыс етілді.

3. Конституциялық Кеңестің конституциялық құрылыс негіздерін іске асыру бойынша құқықтық ұстанымдары мен ұсынымдары

Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларындағы құқықтық ұстанымдар конституциялық нормаларды Конституцияның жалпы ережелері мен принциптерімен қисынды түрде байланыстары және ұштастыра жасалған жүйелі құқықтық талдауға негізделіп айқындалады. Конституциялық Кеңестің шешімдерінде баяндалған заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар, қабылдаған шешімі туралы Конституциялық Кеңеске міндетті түрде хабарлай отырып, уәкілетті мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының дереу қарауына жатады. Конституциялық Кеңестің құқықтық ұстанымдары мен ұсынымдарына тиісінше қарауды Республика Президенті жанындағы Құқықтық саясат кеңесі бақылайды.

Ел үшін маңызды шешімдерді қабылдау кезінде Конституциялық Кеңестің пікірін алдын-ала сұрату практикаға нық енді. Мәселен, Конституциялық Кеңес нормативтік қаулыларын шығарған соң, 2007 жылы конституциялық новеллалар жеделдетіп енгізілді және еліміздің бүкіл заңнамалық базасы жаңартылған Негізгі Заңға сәйкес келтірілді (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 18 маусымдағы № 7 нормативтік қаулысы (бұдан әрі – КК қаулысы); 2005 жылы кезекті президенттік сайлаудың күні тағайындалды (КК 2005 жылғы 19 тамыздағы № 5 қаулысы); 2011 жылы Конституцияға толықтырулар енгізілді – Республика Президентін кезектен тыс сайлау институты бекітілді, 2011 және 2015 жылдары кезектен тыс президенттік сайлау тағайындалды және өткізілді (КК 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 2 және 2015 жылғы 24 ақпандағы № 2 қаулылары); халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің Қазақстан үшін міндетті болуы мен орындалуының конституциялық талаптары нақтыланды (КК 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 қаулысы).

Конституциялық Кеңес қабылдаған шешімдер Қазақстан Республикасы Конституциясының құндылықтарын, ережелерін және нормаларын іске асыруға бағытталған. Олардың жиынтығынан конституциялық бақылау органының Конституция мазмұнын, құқықтық саясатты және заңнаманың эволюциясы стратегиясын жүйелі түрде көруі байқалады.

3.1. Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы)

Конституциялық Кеңестің шешімдері Қазақстанның Конституцияның 1-бабының 1-тармағында бекітілген қазіргі заманғы мемлекеттің жаңа сипатын алуына бағытталған:

- Конституциялық реформа негізгі қоғамдық-саяси институттар мен олардың даму келешегін түсінудегі жаңа тұжырымдамалық көзқарастарды айқындап берді. Конституцияға енгізілген бірқатар өзгерістер мен толықтырулар (5, 43, 44, 51, 84, 89-баптар), өзара байланыса келе, мемлекеттік биліктің мақсатын, мемлекет функциясының мазмұнын жаңаша түсіндіруге, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың өзара қарым-қатынасы принциптерін айқындауға, азаматтық қоғам институттарын мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге кеңінен қатыстыруға, өзгеріп отыратын қоғамдық қатынастармен барабар заң нормаларын белгілеуге мүмкіндік береді (КК 2007 жылғы 8 қарашадағы № 9 қаулысы);

- Конституцияның 1-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасы өзін адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып табылатын әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады", деген бөлігінде, Қазақстан, мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін жағдай жасау және жеке адамның еркін дамуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті жұмсартуға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытады дегенді білдіреді. Бұл ереже еліміздің Негізгі Заңының түрлі нормаларында (24, 28, 29, 31, 27 және 25-баптарда) ашылады. Конституцияның 1-бабының 1-тармағында "өзін орнықтырады" деген тіркес қолданылған, ол әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстан дамуының ырғақтылығын көрсетеді, оған сөзсіздік және әлеуметтендіру процесіне бағытталғандық сипат береді. Республиканың өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруы, сондай-ақ Қазақстан қоғамында әлеуметтік әріптестік пен оң қарсыластық дамуын көздейді (КК 2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2 қаулысы);

- Конституцияның 1-бабы 1-тармағымен көзделген, мемлекеттің зайырлы сипаты, діннің мемлекеттен бөлінуін білдіреді. Конституцияның 14-бабына сай заң алдында жұрттың бәрі тең, бұл, зерделеу нысанына қатысты қолданыста, барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей екенін, кейбір діндер мен діни бірлестіктерге

басқаларға қарағанда қандай да бір артықшылықтар жасалуына жол берілмейтінін, дінге көзқарасына, нанымына байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынатынын білдіреді (КК 2002 жылғы 4 сәуірдегі № 2 қаулысы).

3.2. Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары — ең қымбат қазына (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы)

Конституциялық Кеңес Негізгі Заңның басты ережесін – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп танылуын, мемлекет үшін адамға қамқорлық жасаудан, оның игілігін ойлаудан басқа маңызды міндет жоқ екенін үнемі атап өтеді:

- Республика Конституциясының кіріспесінде: "Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, мемлекеттік құра отырып, өзіміздің егемендік құқымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз", – делінген. Конституцияның 3-бабының 1-тармағы "мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық" деген принципті баянды етеді. Бұл аталған конституциялық ережелерден келіп шығатыны, Қазақстан халқы — Қазақстан Республикасы мемлекетінің, оның егемендігінің, тәуелсіздігінің және конституциялық құрылысының негізі болып табылады. Соған байланысты, Конституцияның азаматтық мәселелерін реттейтін ережелері (10-бап) іргелі конституциялық-құқықтық институттардың бірін құрайды.

Маңыздысы сол, азаматтық туралы нормалар адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын конституциялық-құқықтық реттеуден бұрын келеді, өйткені сол арқылы тұлғаның конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің нақты бағытталуы мен мазмұны бекітіледі. Азаматтық институты Республика егемендігінің, тәуелсіздігі мен конституциялық құрылысының айқындаушы белгісі болып табылады (КК 2003 жылғы 1 желтоқсандағы № 12 қаулысы);

- Адамның құқықтары мен бостандықтары заңдар мен басқа да нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылуын белгілейтіндігі жөніндегі 12-баптың 2-тармағының ережесін, осы құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуының жағдайлары мен тәртібін белгілейтін заң әзірлеген және қабылдаған кезде Конституцияда жарияланған адам құқықтары мен бостандықтары негіз болады деген мағынада түсіну керек (КК 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 қаулысы);

- Құқықтардың немесе бостандықтардың нақты бір түрінің конституциялық құқық деңгейіне жеткізілуі және Конституцияда оның кепілділігінің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтардың өзі құрайтын жүйелер мен құрылымдар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді өзінің ерекше міндетіне алғандығын білдіреді (КК 1999 жылғы 12 наурыздағы № 3/2 және 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3 қаулылары).

Конституциялық Кеңестің көптеген шешімдері *құқықтар мен бостандықтарды шектеу жағдайын айқындауға байланысты*.

- Конституциялық Кеңес заң шығарушы болып табылмайтын мемлекеттік органдар адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу құқығына уәкілетті болуына байланысты кейбір заңдарды, соның ішінде заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді Конституцияға сәйкес емес деп таныды, мысалы: "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" (КК 1999 жылғы 3 тамыздағы № 17/2 қаулысы), "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" (КК 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 4 қаулысы), "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктердің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (КК 2002 жылғы 4 сәуірдегі № 2 және 2009 жылғы 11 ақпандағы № 1 қаулылары), "Балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (КК 2015 жылғы 18 мамырдағы № 3 қаулысы);

- Мемлекет, адамның және азаматтың ұжымдық та, жеке де құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті сақтау қажет болғанда, заңмен шектеуге бару құқығын өзінде сақтап қалады. Конституция заң шығарушыға, елдің конституциялық құрылысы, егемендігі мен тәуелсіздігіне төнетін қатерге соған барабар құқықтық шара қолдануды белгілеу мүмкіншілігін береді (КК 2000 жылғы 7 маусымдағы № 4/2 қаулысы);

- Заң шығарушы заңдарды қабылдаған кезде, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың мәнін бұрмаламай және конституциялық анықталған мақсаттарға сәйкес келмейтін шектеулер енгізбей, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің жол берілетін конституциялық шегін негіз етіп алуға тиіс.

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және әкеп соқтыратын салдары болжаулы болуға тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалып және заң ережелерін өзінше пайымдау мүмкіндігін жоққа шығара отырып, заңдылы мінез-құлықты заңсыздығынан мейлінше айқындықпен ажыратуға мүмкіндік беретін түсінікті өлшемдерге негізделуге тиіс, қаралып отырған заңдардың бірқатар ережелері заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі туралы конституциялық қағидаттан (Негізгі Заңның 14-бабы) туындайтын, заңнамалық талаптар заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және салдары болжамды, айқын және бір мағыналы болуға тиіс деген талаптарға сәйкес келмейтінін жоғарыда баяндалған кемшіліктер айғақтайды. Өйткені, мұндай теңдік құқықтық норманы бірізділікпен түсінгенде, түсіндіргенде және қолданғанда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін (КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 және 2015 жылғы 18 мамырдағы № 3 қаулылары);

- Конституцияның 13-бабының 2-тармағына сай әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар, бұл құқық Конституцияның 39-бабының 3-тармағына сай ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс. Қылмыстық істі соттың алқабилердің қатысуымен қарау мүмкіншілігі айыпталушының құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуының Конституцияда баянды етілген процессуалдық кепілдіктері қатарына жатады, оларды жүзеге асыру механизмдері заңмен белгіленеді (КК 2007 жылғы 18 сәуірдегі № 4 қаулысы);

- Мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру мерзімін өткізіп алу азаматтардың және заңды тұлғалардың мүліктік құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге тиіс, өйткені, соның негізінде мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаудан бас тарту салдарынан әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына (Негізгі Заңның 13-бабының 1-тармағы), Қазақстан азаматтарының заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алуына құқықтары, меншікке заңмен кепілдік берілуі (Конституцияның 26-бабының 1 және 2-тармақтары) шектеледі, сондай-ақ салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндетін атқаруына кедергі жасалады (Конституцияның 35-бабы) (КК 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 4 қаулысы);

- Қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіру және Конституцияның ережелері мен нормаларын жүзеге асырудың тетіктерін жасау мерзімдердің конституциялық-құқықтық маңызын құрайды. Негізгі Заңда бекітілген нақты мерзімдер арқылы уәкілетті органдардың және лауазымды тұлғалардың адам және азамат құқықтарын шектеу мүмкіншілігіне шек қойылады, жеке бас бостандығын кепілдік берілуіне алғышарт жасалады. Олар сондай-ақ жекелеген мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызмет атқару кезеңдерін, өз өкілеттіктерін іске асыруының басталуы мен аяқталуын, сондай-ақ мемлекеттік билік тармақтарының тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі қолданылатын жағдайда өзара әрекеттесуін айқындайды. Бұл мерзімдерді сақтау конституциялық заңдылық режимін қамтамасыз ету шарттарының бірі болып табылады (КК 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 қаулысы).

Қылмыстық (әкімшілік) жауаптылық шараларын қолданған кезде азаматтардың құқықтарын қорғаудың аса маңыздылығына байланысты Конституциялық Кеңес *осы саладағы мемлекеттік құқықтық саясатты қалыптастыру және дамыту мәселелері бойынша* бірқатар шешім шығарды. Олар тұжырымдаған құқықтық ұстаным құқық бұзушылық құрамын құрастыру және жазалаудың барабар шараларын айқындау өлшемдері, сондай-ақ соттың қорғауына, сот төрелігінің қағидаттарына, процессуалдық мәжбүрлеу шараларына, сот ісін жүргізудің нысандарына, істердің соттылығына, соттардың мамандануына, дәлелдемелерді бағалауға құқықтары қамтылған қағидаларға қатысты:

- Конституцияның 15-бабының өлім жазасы мәселелерін реттейтін 2-тармағын түсіндірген кезде ең ауыр жаза жөніндегі норманы шектемелі деп санаған жөн. Өлім

жазасы тағайындалуы мүмкін ерекше ауыр қылмыстың нақты құрамын қылмыстық заңнама айқындайды. Бұл ретте ерекше ауыр қылмыс үшін заңда өлім жазасынан басқа да жаза белгіленуі мүмкін. (КК 2003 жылғы 30 қаңтардағы № 10 қаулысы);

- Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасының нормаларын азаматтардың құқық бұзушылық үшін заңдық жауапкершілігін реттейтін және жауапкершіліктің жаңа түрлерін белгілейтін немесе оны жаңа санкциялар енгізу жолымен күшейтетін заңдардың кері күші болмайды деп түсіну қажет. Егер құқық бұзушылық жасаған соң ол үшін жауапкершілік заңмен алып тасталса немесе жұмсартылса, онда жаңа заңның кері күші болады (КК 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 қаулысы);

- Қоғамнан оқшаулау жағдайында өмір сүру үшін енгізбесе болмайтын шектеулерді ескере отырып, бас бостандығынан айырылған адамдар Қазақстанда Конституцияда және Республика таныған халықаралық-құқықтық құжаттарда кепілдік берілген барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, бұл адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. (КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 қаулысы);

- Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар деген конституциялық құқық (негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағы) бұл кез келген адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін сотқа шағымдануға құқығы бар екенін білдіреді, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары шектелуіне әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер мен шешімдерге сотқа шағымдану құқығын қамтиды (КК 1998 жылғы 5 маусымдағы № 3/2, 1999 жылғы 5 мамырдағы № 8/1 және 2007 жылғы 24 қаңтардағы № 1 қаулылары);

- Конституциялық-құқықтық мағынада "ұстау" деп, құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шараларды қолдану мақсатында адамның жеке бас бостандығын жетпіс екі сағаттан аспайтын қысқа уақытқа шектеуден тұратын жеке уәкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды және өзге де тұлғалар заңда көзделген негізде және тәртіппен іске асыратын мәжбүрлеу шарасын түсінген жөн.

"Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады" деген конституциялық ереже, осы көрсетілген уақыттан кешіктірмей соттың ұсталған адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де шараларды қолдану туралы шешім қабылдануы қажет немесе ұсталған адам босатылуға тиіс дегенді білдіреді. Бас бостандығы оған қандай да бір процессуалдық мәртебе берілуіне немесе формальды басқа бір рәсімдер орындалуына қатыссыз шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстау мерзімінің басталуы болып табылады (КК 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 қаулысы);

- Айыпталушының (сотталушының) өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш мәлімдеуге құқығы, өзіне алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарланған және істің барлық материалдары танысу үшін ұсынылған кезде ғана емес, іс сотқа келіп түскен сәттен, басты сот талқылауы тағайындалғанға дейін, қылмыстық іс бойынша сотта іс жүргізу кезінде де заң арқылы берілуі мүмкін (КК 2007 жылғы 18 сәуірдегі № 4 қаулысы);

- Іс жүргізу заңымен әртүрлі санаттағы істер үшін соттылығын анықтаған кезде өзіндік ерекшелігі, күрделілігі, істің қоғамдық мәні, оны тез және тиімді шешудің қажеттілігін ескеру керек (КК 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысы).

3.3. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет (Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы)

Конституциялық Кеңестің еліміздің аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты қаулылары қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға қызмет етеді :

- Қазақстан Республикасының Конституциясындағы Қазақстан аумағы деген түсінік оның егемендігі деген түсінікпен тығыз байланысты. Мемлекет аумағы сол мемлекет өмір сүретін және егемен билік ұйымы ретінде қызмет істейтін кеңістік шегін білдіреді. Бұл билік осы аумақтағы ең жоғары, біртұтас және тәуелсіз билік болып табылады. Мемлекеттің өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етуі экономикалық, саяси, әскери, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешенін әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді. Аумақтық тұтастық – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін айқындаушы шарт болып табылады. Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын өзгерту, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде бастамашылық жасауға арқау бола алмайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының, мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді, делінген 2-бабының 2-тармағын, оның аумағын бөлшектеуге, мемлекеттің келісімінсіз табиғи ресурстарды пайдалануға және Қазақстан аймақтарының мәртебесін өздігінше өзгертуге жол бермеушілік, мемлекеттік шекараның мызғымастығы және мемлекеттің ұлттық мүддесі мен егеменді теңдігіне нұқсан келтіретін аумақтық шегінімге тыйым салу деп түсінген жөн (КК 2003 жылғы 23 сәуірдегі № 4 қаулысы).

Конституциялық Кеңес *президенттік басқару нысаны*, халық өкілдігімен өзара қатынастағы президенттік институт туралы, президенттік мандаттың туындауының жекелеген конституциялық-құқықтық аспектілері туралы, Мемлекет басшысының конституциялық өкілеттіктері және мәртебесін құрайтын өзге де мәселелер туралы кейбір конституциялық нормаларға ресми түсінік берді:

- Республика Президенті жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы сайлайтын

бірден-бір дара тұлға, Қазақстан халқының ең жоғары өкілі. Сол арқылы Республика Президентін сайлау – оған мемлекеттегі жоғарғы билікті берудің нысаны болып табылады. Сайлау қорытындылары бойынша Мемлекет басшысы Қазақстанды басқаруға, ел ішінде және халықаралық қатынастарда халықтың атынан өкілдік етуге және оның мүддесін білдіруге мандат алады (КК 2015 жылғы 24 ақпандағы № 2 қаулысы);

- Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлау күнін айқындаған кезде, Негізгі Заңда көрсетілген Мемлекет басшысының сайлау күні мемлекеттік биліктің бастауы ретінде халықтың өз еркін білдіру кезеңінің басталуы болып табылатынын ескерген жөн. Осы сайлау күні Қазақстан халқы биліктің демократиялық сипатын айқындаушы, оған ең жоғары заңдылық беруші өзінің еркін білдіріп, өз егемендігін көрсетеді (КК 2005 жылғы 19 тамыздағы № 5 қаулысы);

- Мемлекет басшысы, оның ең жоғары лауазымды тұлғасы ретінде, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын тиісті органдар қызметкерлерінің жалпы штат санын айқындау, мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін және санаттарының тізбесін белгілеу негізінде, олардың қызметін ақшалай қамтамасыз етудің көлемі мен шарттары туралы түпкілікті шешім қабылдайды (КК 2001 жылғы 12 қаңтардағы № 14 қаулысы);

- Президенттік басқару нысанының қазақстандық моделі, қалыптасқан объективті жағдайды негізге ала отырып, Конституцияға және Президент пен Парламенттің ерік білдіруіне сәйкес, заң шығармашылық өкілеттігін беруге мүмкіндік береді. Өзінің қорытынды шешімінде Конституциялық Кеңес Парламенттің заң шығару өкілеттігін Мемлекет басшысына уақытша беру институтына шектер мен талаптар белгіледі (КК 2008 жылғы 26 маусымдағы № 5 нормативтік қаулысы);

- Қазақстан Республикасы Президентінің Президенттің кезектен тыс сайлауын жеке-дара тағайындауға айрықша құқығы бар. Елбасының Президенттің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы шешім қабылдауына Республика Конституциясы қандай да бір шарттар мен шектеулер қарастырмайды. Мұндай сайлау тағайындау туралы шешім қабылдағанда Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-тармағында қарастырылған, Республика Президентінің сайлауы мерзімі жағынан Қазақстан Республикасы Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс деген қағида ескерілуі керек (КК 2015 жылғы 24 ақпандағы № 2 қаулысы);

- Республика Президентінің өтініші бойынша, депутаттар бастама жасап, Парламент қабылдаған және Мемлекет басшысына қол қоюға ұсынылған "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заң Конституцияға сәйкестігі тұрғысында тексеріліп, конституциялық деп танылды. Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 16/2 қаулысымен "Қазақстан Республикасының

Тұңғыш Президенті – Қазақстан халқының көшбасшысы" институты алғаш рет заңды түрде негізделіп, құқықтық айналымға енгізілді. Арада 10 жыл өткен соң ол "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы" деп бекітілді.

3.4. Халық билігі және оның тікелей іске асырылуы (Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабы).

Конституциялық Кеңестің құқықтық ұстанымдары мен ұсыныстары сайлау заңнамасын жаңғыртуға, халықтың қалауын айқындау және іске асыру рәсімдерін жетілдіруге септігін тигізеді. Конституциялық Кеңестің шешімдерінде Республика Президентінің, Парламент пен оның Палаталарының, депутаттардың мандаты мен қызметінің басталуы және тоқтатылуы қатынастарына байланысты құқықтық екіұштылықтар түсіндіріліп, өз шешімін тапты, конституциялық құқықтың сайлау құқығы проблематикасымен қабаттас өзге де аспектілері талданды:

- Түбегейлі конституциялық құндылықтардың бірі бола отырып, халықтың еркі білдірілетін акт республикалық референдумда немесе елімізде мезгіл-мезгілімен өткізіліп отыратын Республика Президенті және Парламент депутаттары сайлауында дауыс беру арқылы міндетті заң күшіне ие болады (КК 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 2 қаулысы);

- Халық қалауын заңдарда және өзге де маңызды мемлекеттік актілерде білдіру, сондай-ақ азаматтардың жария институттарға ықпал ету рәсімдерін үнемі жетілдіру ішкі тұрақтылықтың, экономикалық даму мен халықтың әл-ауқатын жақсартудың пәрменді кепілі болып табылады (КК 2014 жылғы 19 маусымдағы № 09-3/1 жолдауы);

- Азаматтардың бәсең сайлау құқық субъектілігін жүзеге асыруына Конституциялық заңмен қойылатын жоғары талаптарды Конституциялық Кеңес, азаматтардың құқықтарын шектеуге Негізгі Заңмен жол берілетін конституциялық құндылықтарды қорғауға бағытталған, деп есептейді (КК 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 5 қаулысы).

3.5. Мемлекеттік биліктің біртұтастығы және бөлінуі (Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабы)

Конституциялық Кеңестің шешімдерінде мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктерін реттеу, олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың конституциялық негіздерінің мәселелері бойынша құқықтық ұстанымдар мен ұсынымдар қамтылған. Мынадай бір көзқарас дәйектілікпен әрі нақты байқалады: біртұтас мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлінуінің конституциялық қағидаты, олардың өз алдына дербес, келісе отырып қызмет атқаруын ғана емес, өзара дауласуына жол берілмеуін де қарастырады.

Мемлекеттік биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары:

- Биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өзара қарым-қатынасының барлық мәселелері Конституция нормаларында көзделген және конституциялық өкілеттіктерін пайдалана отырып олардың өздері келісу рәсімдері шегінде шешеді немесе мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының кепілі, биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Республика Президентінің қатысуымен (Республика Конституциясының 40-бабы) шешіледі (КК 2000 жылғы 15 маусымдағы № 9/2 қаулысы);

- Мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайы, олардың құзыретін қосқанда, Конституциямен және заңдармен қатар, сондай-ақ Республика Президентінің жарлықтарымен, Үкімет қаулыларымен және заңға тәуелді өзге де актілермен белгіленуі мүмкін (КК 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 қаулысы);

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында белгіленген "мемлекеттік органдарды ұйымдастыру мен олардың қызметінің негіздері" деп мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесінің мазмұнына (басшылық жасау салалары, миссиялары, негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері), құру, тарату, қайта құру және қызметін ұйымдастыру тәртібіне деген негізгі көзқарасты айқындайтын түбегейлі принциптер мен нормаларды түсінген жөн.

Заңдарда мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізін құрайтын функциялар, сондай-ақ жүзеге асырылуы Конституцияның 61-бабы 3-тармағында аталған аса маңызды қоғамдық қатынастарды қамтитын функциялар белгіленеді. Бұл, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігі мәселелеріне, құқық шектеу сипатындағы шараларға, сондай-ақ, құқық қорғау, бақылау-қадағалау функцияларын және жекелеген қызмет түрлерін іске асыруға рұқсат беру тәртібін белгілеуді қоса отырып, мемлекеттік органдардың мемлекеттік емес ұйымдармен және жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынасына қатысты болады.

Заңға тәуелді деңгейде, іске асырылуы Конституцияның 61-бабы 3-тармағында санап көрсетілген қоғамдық қатынастарды қамтымайтын функциялар белгіленеді. Бұл заңда бекітілген функцияларды жүзеге асыру механизмін айқындауға, мемлекеттік органдардың іштей ұйымдастырылуы мен қызметіне, техникалық және технологиялық нормаларды қабылдауына (шығаруына) қатысты болуы мүмкін. Заңға тәуелді деңгейде мемлекеттік органдардың функциялары заңға тәуелді тиісті акт шығаратын субъектінің өкілеттіктері шегінде ғана белгіленеді (КК 2013 жылғы 16 мамырдағы № 2 қаулысы).

Мемлекеттік биліктің сот тармағы:

- Конституцияның 76-бабына сәйкес сот билігі азаматтардың және ұйымдардың құқығы, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдар мен басқа да құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Нақты іс бойынша шешім шығарғанда сот төрелігі органдары бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Конституциясының тиісті баптарына сілтеме жасауға тиісті, бұл оның қолданылып

жүрген заңнамаға қарағанда артықшылығы мен үстемдігін сөзсіз көрсетіп отырады. Мұндай талап судьялар мен азаматтардан Конституцияны жақсы білуді қажет етеді, сондай-ақ Негізгі Заңға құрметпен қарауды қалыптастыратын болады (КК 1997 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жолдауы);

- Сот шешімінің, Конституцияның 76-бабы 1-тармағына сай, Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Заңды күшіне енген сот үкімінің ақиқаттық презумпциясы жекелеген мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға тәуелді емес (КК 2003 жылғы 12 мамырдағы № 5 қаулысы);

- Негізгі Заңның 75-бабы 3-тармағының және 82-бабының ережелері соттардың үш деңгейлі жүйесін және оның құрылымына қойылатын жалпы талаптарды айқындайды. Негізгі Заңның 13-бабының 2-тармағымен кепілдік берілген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы, Конституцияға және конституциялық заңға сәйкес құрылып, сот төрелігін жүзеге асыратын соттарда ғана жүзеге асырылады (КК 2006 жылғы 14 сәуірдегі № 1 қаулысы);

- Мамандандырылған соттар Республиканың сот жүйесінің біртұтастығын қамтамасыз ететін конституциялық талаптарға сәйкес болуға тиіс. Сондықтан олардың сот жүйесіндегі орны конституциялық заңмен айқындалуға тиіс (КК 2006 жылғы 14 сәуірдегі № 1 қаулысы);

- Конституциялық заңдылықты нығайту мақсатында кешенді жұмыс жүргізу жөніндегі қызмет тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сотқа дейінгі іс жүргізуде қорғаудағы соттың рөлін одан әрі арттыруды көздейді (КК 2009 жылғы 23 маусымдағы № 09-6/1 жолдауы).

Прокурорлық қадағалау:

- Конституцияның "прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді" деп белгіленген нормасын прокурор (прокуратура) қызметінің конституциялық түрде айқындалған негізгі бағыты деп түсіну керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабы 1-тармағында белгіленген "прокуратура Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді" деген норма прокуратураның аталған өкілеттігі соттардың шешімдеріне, үкімдеріне және басқа да қаулыларына наразылық білдіру құқығын да қамтитынын білдіреді. Прокурорға, басқа сот ісін жүргізуге қатысушылар сияқты, қолданыстағы заңнамамен іс жүргізу құқығы беріледі (КК 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысы);

- Жоғары қадағалаудың конституциялық сипаттамасы сол, прокуратура мемлекеттік органдардың (мәселен, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау немесе кедендік бақылау органдарының) бақылау-қадағалау іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын тексеруге, олар заңсыз болған жағдайда прокурорлық шара қолдануға тиіс (КК 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 қаулысы).

3.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы (Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы)

Конституциялық Кеңес, Негізгі Заңның үстемдігін және тікелей қолданылуын сөзсіз және тиісті түрде қамтамасыз ету, конституциялық материалдық және процессуалдық ережелерді қалтқысыз сақтау бүкіл мемлекеттік және қоғамдық институттар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті талап болып табылады, деп есептейді. Конституциялық материяның күрделілігі, конституциялық реттеу қатынастарының саналуандығы мен жылжымалығы, Қазақстан қоғамы өмірінің барлық жақтарының объективті түрде дамуы, заңдарды қабылдау кезінде де, қолдану кезінде де конституциялық құндылықтардың, ережелер мен нормалардың мағынасын сөзсіз ескеруді, сондай-ақ конституциялық ұғыну аппаратын пайдалануда ерекше ұқыптылықты талап етеді:

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген құқығы бұл жерде құқықты субъектілердің белгіленген тәртіпте қабылдаған нормативтік-құқықтық актілеріндегі нормалардың жүйесі ретінде қаралады. Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғары заңдық күшке ие. Көрсетілген талаптарға жауап беретін нормативтік-құқықтық актілер, егер олардың күші жойылмаса, оның ішінде – жаңа нормативтік актілердің қабылдауына байланысты күші жойылмаса, қолданылып жүрген құқықтың құрамына қосылады. Оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті органның құзыреті шегінде, белгіленген тәртіпті сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс (КК 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 қаулысы);

- Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру дегеніміз, Конституциялық Кеңестің конституциялық нормалардың мазмұны мен мағынасын анықтауы және түсіндіруі. Ол, конституциялық нормалардың кейбіріне дерексіздік пен арнайы терминология тән болғандықтан, сондай-ақ Конституцияның жекелеген ережелерін өтініш субъектілері анық қабылдай алмауына және оларды қолдану практикасында қайшылықтар туындауынан келіп шыққан.

Конституция нормаларының мазмұнын түсіндіре отырып, Конституциялық Кеңес, олардың сөзбен берілуін, Конституция нормаларының оның жалпы ережелері мен принциптерімен қисынды түрде байланысуын және ұштасуын негізге алады (КК 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 19 қаулысы);

- Негізгі Заңда конституциялық ережелердің орналасуын формальды түрде айқындайтын арнаулы норма жоқ. Алайда, түрлі конституциялық нормалардың ерекшелігін ескере отырып, түсіндіру барысында олардың кейбіріне нақты жағдайларда басымды маңызы бар деп артықшылық берілуі мүмкін (КК 2005 жылғы 19 тамыздағы № 5 қаулысы);

- Қазақстан Республикасының Парламенті елдің бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, соның ішінде конституциялық заңдары

нысанындағы заңнамалық актілерді қабылдауға хақылы (КК 2000 жылғы 3 шілдедегі № 16/2 қаулысы).

3.7. Идеологиялық және саяси әр-алуандылық (Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабы)

Конституциялық Кеңестің бірқатар шешімдерінде азаматтық қоғамның институттары – қоғамдық және діни бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының және өзге де мемлекеттік емес ұйымдардың құқықтық мәртебесінің түрлі аспектілері бойынша құқықтық ұстанымдар мен ұсынымдар қамтылған:

- Республика Конституциясының 23-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Азаматтардың осы конституциялық құқығы ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылған коммерциялық емес сипаттағы саяси партиялар, кәсіптік одақтар және өзге де бірлестіктер нысанындағы қоғамдық бірлестіктер құру арқылы іске асырылады. Олардың қызметі "Қоғамдық бірлестіктер туралы", "Кәсіптік одақтар туралы", "Саяси партиялар туралы" Республика заңдарымен реттеледі (КК 2000 жылғы 5 шілдедегі № 13/2 қаулысы);

- "Саяси партиялар туралы" Заңның нормалары қоғам мен оның барлық жіктері үшін, олардың саяси мүддесін білдіруге үміткер партиялардың саяси қызметі тұрақты және белсенді болуына кепілдік жасауды өзіне мақсат етеді. Партиялар туралы заңнамадағы мұндай нормалар қоғамдағы шын мәніндегі плюрализмді қорғайды және ынталандырады деп танылады. Саяси партиялардың құрылуы мен қызметінің тәртібін және шарттарын заңдық реттеуді арнайыландыру, олардың жария-құқықтық мәртебесін белгілеу қазіргі заманғы конституционализмнің жалпы үрдісі болып табылады (КК 2002 жылғы 11 шілдедегі № 6 қаулысы);

- Барлық қоғамдық бірлестіктердің ішінде партиялар мен кәсіптік одақтар азаматтардың өз-өзі ұйымдасуының ең жоғары нысаны болып, саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсатты көздейтін жеткілікті дәрежеде құрылымдалған бірлестік болып табылады (КК 2000 жылғы 7 маусымдағы № 4/2 қаулысы).

3.8. Мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің танылуы және бірдей қорғалуы (Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы)

Конституциялық Кеңес меншік құқығының конституциялық мағынасын және бұл құқықтың конституциялық нормаларға енгізілген мазмұнын, оны іске асырудың шектерін, жол берілетін шектеулерді және мемлекеттік механизммен қамтамасыз етілетін заңнамалық, сот арқылы және өзгелей қорғаудың кепілдіктерін ашатын бірқатар құқықтық ұстанымдарды тұжырымдады, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірледі:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының меншік туралы ережелері Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырудың саяси-құқықтық бастауларын құрайды (КК 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 4 қаулысы);

- Конституцияның принциптері мен нормалары меншік құқығына оның туындауының, ауысуының және тоқтатылуының барлық кезеңдерінде кепілдік берілетінін жариялап, баянды етеді және қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі қарышты дамуын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мызғымастығын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың тиісті шешімдер шығаруының барлық рәсімдеріне қолданылады (КК 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 4 және 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 5 қаулылары);

- Меншік қатынастары Конституцияға қатаң сәйкестікпен, құқықтық мемлекет, заң жүзіндегі теңдік және әділдік принциптері негізінде, азаматтық айналымға қатысушылардың бәрінің құқықтары мен заңды мүдделері арасында тепе-теңдік қамтамасыз етілетіндей реттелуге тиіс. Бұл ретте туындайтын қайшылықтар, өзінің конституциялық мән-мағынасы жағынан тең бір құқықтарды бұза отырып, екінші бір құқықтарды қорғау арқылы еңсеріле алмайды; заң шығарушы, меншік иелері арасындағы өзара сенімнің мейлінше жоғары деңгейін ұстай отырып және меншік құқығы тиімді қорғалуына қажетті жағдайдың бәрін жасай отырып, азаматтық айналым саласында құқықтық айқындылық, тұрақтылық болуын және соңы болжануын қамтамасыз етуге тиіс (КК 2014 жылғы 11 маусымдағы № 2 қаулысы);

- Мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің бірдей қорғалатындығы туралы конституциялық талаптың мазмұны, мемлекеттік меншік иесі мен жеке меншік иесінің заңмен рұқсат етілетін және жол берілетін нақты құқықтық қатынастарда, көпшіліктік салада болсын (салықтар және т.б.), жеке салада болсын (шарт негізіндегі өзара қарым-қатынастар), бір ғана құқықтық тәртіпке бағынатынына келіп саяды (КК 1999 жылғы 3 қарашадағы № 19/2 және 2005 жылғы 31 қаңтардағы № 1 қаулылары);

- Республика Конституциясының, Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады (1-тармақ) және меншік құқығына заңмен кепілдік беріледі, делінген 26-бабын түсіндіру туралы мәселені қарай отырып, Конституциялық Кеңес бұл конституциялық ережелер мүлікке ие болудың құқықтық тұрғыда заңдылығын көздейді, меншік иесінің заңды құқықтарын кімнің де болсын заңсыз араласуынан қорғауға және меншікке қол сұғылмауын қамтамасыз етуге бағытталған деп атап көрсетті (КК 2004 жылғы 15 сәуірдегі № 2 қаулысы);

- Мүлік құқығы абсолютті болып табылмайды, өйткені оны Конституцияның 39-бабы 3-тармағының және азаматтық, қылмыстық және әкімшілік заңнаманың тиісті

нормаларының негізінде шектеуге жол беріледі. Яғни, нақты мүлік құқығын заңдарда көзделген жағдайларда шектеу, азаматтық-құқықтық қатынастарда да, жария құқық саласында да заңға сыйымды (КК 2000 жылғы 16 маусымдағы № 6/2 қаулысы);

- Конституцияның 26-бабының 3-тармағын, осы нормада аталған: біріншіден, мемлекет мұқтажы үшін, екіншіден, заңдармен көзделген ерекше жағдайларда, және, үшіншіден, оның құны тең бағамен өтелген кезде деген шарттар міндетті түрде сақталған кезде ғана осы мүлікті иеліктен айыру мүмкін болады деп түсінген жөн. Бұл аталған ережелер меншік құқығы қорғалуына қосымша кепілдік жасап, өз өкілеттігін іске асыру кезінде заң шығарушы және құқық қолданушы органдар үшін міндетті болады (КК 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 21/2 және 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4 қаулылары);

- Конституцияның 6-бабы 1-тармағынан, бөтен біреудің меншігіне қарсы заңға теріс бірдей әрекет жасағаны үшін бірдей жауаптылық белгілеу арқылы, мемлекет меншікті бірдей қорғау кепілдіктерін беретіні келіп шықпайды. Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары, ұйымның да, азаматтардың да меншік құқығы бірдей қорғалуын қамтамасыз ете отырып, ұрланған мүліктің меншік иесі үшін маңыздылығын ескеріп, бірдей құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың әртүрлі мөлшерін белгілейді (КК 2000 жылғы 6 желтоқсандағы № 20/2 қаулысы).

3.9. Мемлекеттік тіл, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қолданылатын тіл және Қазақстан халқының тілдері (Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы)

Конституциялық Кеңес Негізгі Заңның тіл туралы нормаларының мағынасы мен мазмұнын түсіндіретін, оларды қолданудың шарттары мен тәртібін белгілейтін шешімдер қабылдады:

- Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады: Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртанбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет

атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі.

Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты кемсітуге болмайды деген, сондай-ақ әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығын баянды ететін 14-бабы 2-тармағының талабын ескеруге тиіс.

Республика азаматтары мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш беруге және олардан іс қай тілде жүргізілуіне қатыссыз қазақ, орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алуға құқылы. Бұл теңдік нормативтік-құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің заңдық тұрғыдағы тең маңыздылығын білдіреді (КК 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қаулысы);

- Республикада мемлекеттік тілдің мәртебесі басым болуы, Қазақстан халқы тілдерінің қалыпты қызмет атқаруы үшін нормативтік-құқықтық жағдай жасалды, мемлекеттік ұйымдарда қазақ және орыс тілдерінің пайдаланылуын реттейтін заңнамалық база жасалды.

Конституциялық Кеңес, қазақ және орыс тілдерінің қызмет атқаруы саласындағы конституциялық талаптардың іс жүзінде кездесетін бұзылу фактілерін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық шараларды қабылдау арқылы еңсеруге болады деп есептейді (Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынылған " Қазақстан Республикасында тіл туралы конституциялық ережелердің жүзеге асырылуы саласындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы" КК 2008 жылғы 25 желтоқсандағы ақпараты).

3.10. Халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтеу (Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабы)

Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасының өз егемендігін қамтамасыз ете отырып, ел мүддесі мен қазақстандық құндылықтар қорғалуына кепілдік бере отырып, халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейтінін растады:

- Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, делінген Конституцияның 8-бабының ережесі ішкі мемлекеттік құқықты құрған кезде оларды ескеруге ұмтылатынын білдіреді (КК 2003 жылғы 23 сәуірдегі № 4 және 2006 жылғы 18 мамырдағы № 2 қаулылары);

- Қазақстанның егемендігі Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық қатынастарды қамтиды, ал Конституцияда көзделген Республиканың егемендігінің, тәуелсіздігінің және конституциялық құрылысының негіздеріне жататын жалпы ережелер, принциптер мен нормалар (1-5, 10-12, 34, 36, 39-баптар және т.б.) бірінші кезекте Конституциямен, ал содан кейін ғана – Конституцияға негізделетін, заңдық

күші аздау нормативтік-құқықтық актілермен қорғалады (КК 2003 жылғы 1 желтоқсандағы № 12 қаулысы);

- Қазақстан Республикасының халықаралық шарты немесе оның жекелеген ережелері белгіленген тәртіппен, Негізгі Заңның 4-бабының 2-тармағына сай Республиканың аумағында ең жоғары заңдық күші бар Республика Конституциясына қайшы деп танылса, мұндай шарт толығымен немесе Конституцияға сәйкес емес деп танылған бөлігінде орындалмайды. Ратификацияланған халықаралық шарттардың заңдар алдындағы басымдығы және тікелей қолданылуы, мұндай шарттар нормаларының заңдар нормаларына қайшы болған жағдайдағы басымдығын көздейді (КК 2000 жылғы 11 қазандағы № 18/2 қаулысы);

- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарды ратификациялау және халықаралық шарттарға қосылу туралы актілері өзінің заңдық күші және құқықтық салдары жағынан тең болып табылады.

Заң шығарушы Конституцияның 3-бабының 3-тармағына, 61-бабының 3-тармағына және 62-бабының 8-тармағына сәйкес заң қабылдау арқылы, Қазақстан Республикасы заңдарының және ратификацияланбаған халықаралық шарттарының қолданылуының ара-қатынасын белгілей отырып, Республиканың өзіне қабылдаған халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін тәртіп орнатуға хақылы (КК 2006 жылғы 18 мамырдағы № 2 қаулысы).

4. Жаңа заңдар қабылдау, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы Конституциялық Кеңестің шешімдерін іске асыру

Конституциялық Кеңестің құқықтық ұстанымдарын ескере отырып: жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстері, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс (2014 жыл); "Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекет кепілдік берген заң көмегін ұсыну жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі; "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" 2009 жылғы 22 сәуірдегі; "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік органдардың құзыретін заңнамалық және (немесе) заңға тәуелді деңгейде бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 13 қаңтардағы; "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 27 сәуірдегі; "Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына

конституциялық мерзімдерді есептеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 қазандағы; "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдар және басқа да бірқатар заңнамалық актілер қабылданды.

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Үкіметтері арасында жасалған, Құқық қорғау органдарының "Байқоңыр" кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі өзара іс-әрекеті туралы келісімге түзетулер енгізілді (2006 ж. 3 қазан).

Үкімет "Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Үкіметтің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, онда Парламенттің қарауына енгізілетін нормативтік-құқықтық актілер жобасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бір-біріне сәйкестігін анықтау мақсатында міндетті түрде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу көзделген. Осы мақсатта Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заң шығару институты" мемлекеттік мекемесінде Лингвистикалық орталық құрылды. Үкіметтің жанындағы Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссия Заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің мағыналық теңнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды мақұлдады.

5. Конституционализмді одан әрі нығайтудың жолдары

Қазақстан Республикасының таяу кезеңдегі конституциялық дамуының векторлары Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған "Мәңгілік Ел" Ұлттық патриоттық идеясының мән-мазмұнына қарай айқындалады. Оны жүзеге асырудың жолдары президенттік бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру: заманауи мемлекеттік аппарат қалыптастыру; заң үстемдігін қамтамасыз ету; индустрияландыру және әртараптандыруды негіз еткен экономикалық өсім; біртұтас болашақтың ұлты; сондай-ақ транспарентті және есеп беретін мемлекет құру арқылы айқындалған. Оларды дамыта келе, Мемлекет басшысы "Мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы" атты Ұлт Жоспарын бекітті.

"Реформалардың мәні – ұлтты жаңғыртуда деп атап өтті Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев. Ұлттың сапасы, халық рухының күші, уақыт сын-қатерлерін қабылдай білу және тек қана алға басу бұрын да мемлекет табысының айқындаушы факторы болған және бола береді". Конституциялық Кеңес қолданыстағы Негізгі Заңның әлеуетін одан әрі тиімді пайдалану, конституционализмді дәйектілікпен орнықтыру, Қазақстан Республикасын қалыптасқан, қуатты, табысты, азаматтық қоғам құндылықтарын ұстанған және әлемдегі үздік 30 мемлекеттік қатарына кіруші мемлекет ретінде нығайту жолындағы мақсатқа жететінімізге сенім білдіреді.

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК